**Солтүстік Қазақстан облысының кейбір елді мекендері мен ауылдық округтері атауларының транскрипциясын өзгерту және қайта атау туралы**

Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2009 жылғы 14 қазандағы N 264 қаулысы және Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2009 жылғы 14 қазандағы N 18/10 біріккен шешімдері. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 17 қарашада N 1729 тіркелді

Ескерту. Тақырыпта және барлық мәтін бойынша "селолық", "селосы", "селосының" деген сөздері "ауылдық", "ауылы", "ауылының" сөздеріне ауыстырылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 19.04.2016 N 125 бірлескен қаулысымен және Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 19.04.2016 N 2/5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес, Айыртау, Ақжар және Тимирязев аудандарының мәслихаттары мен әкімдіктерінің ұсынысы жөніндегі тұрғындар пікірін ескере отырып, Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ** және облыстық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Кейбір елді мекендер мен ауылдық округтер атауларының транскрипциясы:

Айыртау ауданы Нижнеборлық ауылдық округі Якши-Янгизтау ауылының атауы Нижнеборлық ауылдық округі Жақсы Жалғызтау ауылы;

Ақжар ауданы Талшық ауылдық округі Ульгули ауылының атауы Талшық ауылдық округі Үлгілі ауылы;

Ақжар ауданы Ленинград ауылдық округі Даут ауылының атауы Ленинград ауылдық округі Дәуіт ауылы;

Ақжар ауданы Ленинград ауылдық округі Кызылтуское ауылының атауы Ленинград ауылдық округі Қызылту ауылы;

Тимирязев ауданы Ишим ауылдық округі Нарунгуль ауылының атауы Есіл ауылдық округі Нарынгүл ауылы болып өзгертілсін;

2. Келесі елді мекендер мен ауылдық окрутардың атауы:

Тимирязев ауданы Ишимский ауылдық округі және Ишимское ауылының атауы Есіл ауылдық округі және Есіл ауылы;

Тимирязев ауданы Степной ауылдық округінің аты Құртай ауылдық округі;

Айыртау ауданы Арықбалық ауылдық округі Наследниковка ауылының атауы Арықбалық ауылдық округі Баян ауылы;

Ақжар ауданы Совхоз ауылдық округі және Совхоз ауылының атауы Ақжарқын ауылдық округі және Ақжарқын ауылы,

Восход ауылдық округі Кузбасс ауылы Восход ауылдық округі Ақсай ауылы болып қайта аталсын.

3. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Облыс әкімі* | *С. Біләлов* |
| *Облыстық мәслихаттың хатшысы* | *Қ.Едіресов* |
| *Облыстық мәлихаттың XYIII сессиясының төрағасы* | *Р. Нұрмұқанова* |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК